

# Нұсқаулық

қызметкерлерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру (ЖОМС) бойынша сақтандыру оқиғасы орын алған кездегі пайдаланатын нұсқаулық

## Сақтандыру нені қамтиды?



Сақтандыру объектісі қызметкерге кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге не оның өліміне әкеп соғатын жазатайым оқиға нәтижесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1 бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкердің мүлдіктік мүддесі болып табылады.

Сақтандыру шартымен жұмыскердің кәсіптік еңбек қабілетінің жоғалтуының дәрежесін, кәсіптік ауыруды немесе өлімді белгілеуге әкелетін өндірістік жарақат, денсаулықтың кенеттен нашарлауы немесе жұмыскердің улануы орын алған зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік фактордың әсерінен болған жазатайым оқиғалар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 195-1 бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған кезде қамтылады:

- жұмыс уақыты басталар алдында немесе аяқталғаннан кейін жұмыс орнын, өндіріс құралдарын, жеке қорғаныс құралдарын дайындау және ретке келтіру, сонымен қатар басқа да әрекеттерді жасау барысында;
- жұмыс уақыты барысында жұмыс орнында болған, қызметкердің жұмысы қызмет көрсетуі объектілері арасында жол жүрумен байланысты болса, оның ішінде жұмыс берушінің тапсырмасы бойынша, сондай-ақ еңбек міндеттерін орындау кезіндегі иссапар барысында болса;
- жұмыс берушінің көлігінде, жұмысты орындау орнына барғанда немесе қайтқан кезінде;
- жеке көлігің пайдаланған кезінде, оны қызметтік мақсатта пайдалануға рұқсат беретін жұмыс берушінің жазбаша келісімі болған жағдайда;
- жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасымен іс-әрекеттер жасаған кезде;
- жұмыс берушінің көлігінде, вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлерді жұмысқа жиналу орнынан (вахта кезеңіндегі тұрғылықты жерден) жұмысқа апару немесе жұмыстан кері қайту жолында болған жағдайда.



## Сақтандыру оқиғасына кірмейтін жағдайлар

Жіберуші тарап жұмыскерлерінің еңбек қызметімен, денсаулығына зиян келтірумен байланысты болатын жазатайым оқиғалар есепке алынбайды, егер де тергеу барысында, олардың объективті түрде келесі оқиғалардың нәтижесінде орын алғандығы анықталса:

01

жәбірленуші өз бастамасымен жұмыстарды орындаса немесе өзге де іс-әрекеттер жасаса, оның ішінде ауысымаралық демалыс, демалуға және тамақтануға арналған үзіліс кезеңінде болса

02

негізгі себебі алкогольдік мас болу жағдайы, жәбірленушінің улы және есірткілік заттарды (олардың аналогтарын) қолдану салдарынан болса

03

медициналық қорытындымен расталған, өндірістік факторлардың әсеріне байланыссыз, жәбірленуші денсаулығының кенеттен нашарлауына байланысты болса

04

жәбірленушінің өз денсаулығына қасақана (әдейі) зиян келтіруі нәтижесінде, сондай-ақ қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде



## Өндірісте жазатайым оқиға болған кездегі СІЗДІҢ ӘРЕКЕТТЕРІҢІЗ



Бұл туралы мемлекеттік органдарды, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінде көрсетілген ұйымдарды және «KM Life» ӨСК» АҚ-на дереу хабарлама беру (бірақ үш жұмыс күнінен кешіктірмей)



Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі және «KM Life» ӨСК» АҚ өкілдерінің міндетті қатысуымен сақтандыру оқиғасының туындау мән-жайларын тексеруді қамтамасыз ету



Сақтандыру оқиғасының басталғанын растайтын құжаттармен бірге, тұрғылықты жері, байланыс телефондары, банк деректемелері көрсетілген сақтандыру төлемі туралы өтінішті жазбаша нысанда ұсыну

## Сақтандыру төлемін алуға қажетті құжаттар

### 1 Кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі анықталған жағдайда

- 1 сақтандыру төлеміне өтініш, сақтандыру шартының көшірмесі;
- 2 жазатайым оқиға туралы акт;
- 3 зардап шеккен қызметкердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4 кәсіптік еңбекке қабілеттіліктен айырылғандығын анықтау туралы, көмек пен күтінің қосымша түрлеріне мұқтаждығы туралы, еңбекке қабілеттілігінен айырылған, не оны тағайындаудан бас тартылған жағдайда, тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері туралы анықтаманың көшірмесі;
- 5 емдеуге кеткен шығындарды растайтын құжаттар;
- 6 денсаулық сақтау ұйымы берген кәсіптік аурудың болуын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 7 зардап шеккен қызметкердің соңғы 12 айдағы жалақысының мөлшерін растайтын жұмыс беруші құжатының көшірмесі.

### 2 Қызметкер қайтыс болған жағдайда

- 1 сақтандыру төлеміне өтініш;
- 2 сақтандыру шартының көшірмесі;
- 3 жазатайым оқиға туралы акт;
- 4 қызметкердің қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5 қызметкер қайтыс болған жағдайда, төлем алушының зиянды өтеу құқығына иелігін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6 төлем алушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 7 қайтыс болған қызметкердің соңғы 12 айдағы жалақысының мөлшерін растайтын жұмыс беруші құжатының көшірмесі.

Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1 бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған жағдайда: қызметкердің зейнеткерлік аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемдерін алу туралы өтініші.

- Сақтанушының сақтандыру жағдайы басталған кезде шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында шектен залалдарды растайтын құжаттар (олар болған кезде).
- Дербес деректерді жинау, өңдеу Сақтандырылушының және/немесе төлем алушының немесе оның заңды өкілінің келісімінен Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен жүзеге асырылады.
- Сақтанушы қызметкердің немесе қызметкердің қайтыс болуына байланысты зиянды өтеуге құқығы бар адамның пайдасына аннуитет шартын жасасуға міндетті. Аннуитет шарты құжаттардың толық тізімі ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.
- Зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты Сақтанушы үкілетті органның ақпараттық жүйесі арқылы зейнеткерлік алдындағы аннуитет шарты бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған хабарламаны ұсынған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады.

## Сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау ТӘРТІБІ

### Қызметкердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген болған жағдайда

- Өтелуге жататын жоғалтылған табыстың (кірістің) мөлшері жәбірленушінің мертіуге немесе денсаулығына өзге де зақым келгенге дейінгі, не кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесіне сәйкес еңбекке қабілеттілігінен айырылу басталғанға дейінгі, ал ол болмаған жағдайда - жалпы еңбекке қабілеттілігіне сәйкес, орташа айлық еңбекақыға (кіріске) қатысты пайызбен айқындалады.
- Қызметкердің жалақысынан (кірісінен) айырылуымен байланысты зиянды өтеу ретіндегі, қызметкерге тиесілі ай сайынғы сақтандыру төлемі, кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін анықтаған кезде жүзеге асырылады:
  - 30%-дан 100%-ға дейін қоса алғанда - «KM Life» ӨСК» АҚ.
  - 5%-дан 29%-ға дейін қоса алғанда - жұмыс берушіден немесе ерікті сақтандыру шартына сәйкес жазатайым оқиғалардан (орын алған жағдайда).
- Өтеуге жататын жоғалған еңбекақыны (кірісті) есептеу үшін ескерілетін орташа айлық еңбекақының (кірістің) мөлшері, сақтандыру шартын жасасу мерзіміне қатысты, республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалақының он еселенген мөлшерінен аспайды. Егер қызметкердің есептік айлық еңбекақысы (кірісі) белгіленген шектен асып кетсе, айырма мөлшеріндегі төлемді төлеуді жұмыс беруші немесе жазатайым оқиғалардан ерікті сақтандыру шартына (орын алған жағдайда) сәйкес жүргізеді.
- Сақтандыру төлемінің мөлшері, еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлем мөлшері шегеріліп, жүзеге асырылады.
- Еңбекақыдан (кірістен) айырылуымен байланысты, Сақтандырушының зиянды өтеу ретінде жүзеге асыратын сақтандыру төлемдерінен, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары ұсталады және аударылады.

### Қызметкер қайтыс болған жағдайда

- Жазатайым оқиға болған кезде қызметкердің қайтыс болуына байланысты, сондай-ақ орын алған жазатайым оқиғаның салдарынан оның денсаулығының нашарлау себебі бойынша зиянды өтеу жөніндегі сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянды өтеу құқығы бар тұлғалардың пайдасына аннуитеттік төлемдер түрінде Азаматтық кодексте белгіленген мерзім бойы жүзеге асырылады.

### Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 195-1 бабының 1-тармағында көзделген жағдайлар туындаған жағдайда

- Сақтандырушы, бұрын зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерге, төменгі күнкөріс деңгейінің 1 (бір) мөлшеріндегі сақтандыру төлемін, жұмыс берушіден алынған төлем өтініші, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ақпараттық жүйесінен алынған еңбек шартын тоқтату туралы, не еңбек шарты талаптарының өзгеруі туралы мәліметтердің және қол қойылған зейнетақы алдындағы аннуитет шарты негізінде жүзеге асырады.
- Бұрын зиянды еңбек жағдайлары бар жұмыстарда жұмыс істейтін қызметкерлерге төленетін сақтандыру төлемдері, сақтандырушымен, "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясына міндетті түрде сақтандыру төлемдерінің кезеңін және сақтандыру төлемдерін алушылардың тізімін көрсете отырып, аударым жасау арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру төлемдері ай сайын, жұмыс берушіден өтініш алған күннен бастап және жұмыскердің зейнеткерлік жасқа толғанға дейінгі кезеңі үшін, сақтандыру төлемі жүзеге асырылатын айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.
- Алдын алу шарасына және (немесе) қайта оңалдыру шараларын өткізуге кететін шығындарды өтеу тәртібі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігімен белгіленген тәртіпте көзделген.